

Кәсіби диплом үлгілерін, кәсіби диплом растамасын, теңізшілерге диплом беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 26 шілдедегі № 504 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 28 тамызда № 15577 болып тіркелді.

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-3) тармақшасына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес кәсіби диплом үлгісі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес кәсіби диплом растамасының үлгісі;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес теңізшілерге диплом беру қағидалары бекітілсін.

2. "Кәсіби дипломның, кәсіби диплом растамаларының үлгілерін, кәсіби дипломды, кәсіби диплом растамаларын, жеңілдік рұқсаттарын беру, қолданылу мерзімін тоқтата тұру, оларды алып қою қағидаларын, сондай-ақ кеме экипажының мүшелеріне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 421 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12283 болып тіркелген, 2015 жылғы 20 қарашада "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Т. Сүлейменов

2017 жылғы "___" шілде

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

міндетін атқарушы

_____ Р. Дәленов

2017 жылғы 28 шілде

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және
даму министрінің
2017 жылғы 26 шілдедегі
№ 504 бұйрығына
1-қосымша

Кәсіби дипломның үлгісі

Қазақстан Республикасының елтаңбасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.11.2019 № 819 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ТҮЗЕТУЛЕРІМЕН, 1978 ЖЫЛҒЫ ТЕҢІЗШІЛЕРДІ ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ ДИПЛОМ БЕРУ ЖӘНЕ ВАХТАНЫ АТҚАРУ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНВЕНЦИЯНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ БЕРІЛГЕН ДИПЛОМ

_____ жоғарыда көрсетілген түзетулерімен, Конвенция _____ қағидасының ережелеріне сәйкес тиісті біліктілігі барын және _____ дейін кез келген көрсетілген шектеулерді ескере отырып, көрсетілген деңгейлерде төмендегі функцияларды орындауға қабілеттілігін куәландырады:

CERTIFICATE ISSUED UNDER THE PROVISIONS OF THE INTERNATIONAL CONVENTION ON STANDARDS OF TRAINING, CERTIFICATION AND WATCHKEEPING FOR SEAFARERS, 1978, AS AMENDED

_____ certifies that _____ has been found duly qualified in accordance with the _____ provisions of Regulation _____ of the above Convention, as amended, and has been found competent to perform the following functions at the level specified, subject to any limitations indicated until _____:

ФУНКЦИЯ FUNCTION	ДЕҢГЕЙ LEVEL	ШЕКТЕУЛЕР (бар болса) LIMITATIONS APPLYING (if any)
---------------------	-----------------	--

Дипломның иесі кемелерді экипаждармен қауіпсіз жасақтауға қойылатын Қазақстан Республикасының талаптарында көрсетілген мынадай лауазымда немесе лауазымдарда жұмыс істей алады:

The lawful holder of this Certificate may serve in the following capacity or capacities specified in the safe manning requirements of the Republic of Kazakhstan:

ЛАУАЗЫМ CAPACITY	ШЕКТЕУЛЕР (бар болса) LIMITATIONS APPLYING (if any)
---------------------	--

Диплом / Certificate № _____

Дипломды беру күні /

Date of issue _____

Мөр орны / Official Seal _____

Диплом иесінің суреті /
Photograph of the holder
of the certificate

Уәкілетті адамның қолы /
Signature of duly authorized person

Уәкілетті адамның тегі /
Name of duly authorized person

Осы дипломның түпнұсқасы Конвенция I/2 ережесінің 11-тармағына сәйкес кемеле, онда оның иесі жұмыс істегенше болуы тиіс.

The original of this certificate must be kept available in accordance with Regulation I/2 paragraph 11 of the Convention while its holder is serving on a ship.

Диплом иесінің туған күні /

Date of birth of the holder of the certificate _____

Диплом иесінің қолы /

Signature of the holder of the certificate _____

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және
даму министрінің

Кәсіби диплом растамасының үлгісі
Қазақстан Республикасының елтаңбасы
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.11.2019 № 819 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ТҮЗЕТУЛЕРІМЕН, 1978 ЖЫЛҒЫ ТЕҢІЗШІЛЕРДІ ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ ДИПЛОМ БЕРУ ЖӘНЕ ВАХТАНЫ АТҚАРУ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНВЕНЦИЯНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ ДИПЛОМ ТАЛУЫН КУӘЛАНДЫРАТЫН РАСТАМА

берген № _____ дипломды _____ дейін, жоғарыда көрсетілген түзетулерімен Конвенцияның I/10 қағидасына сәйкес танитынын куәландырады, бұл ретте оның иесіне көрсетілген шектеулерді ескере отырып, көрсетілген деңгейлерде төмендегі функцияларды орындауға рұқсат етіледі:

ENDORSEMENT ATTESTING THE RECOGNITION OF A CERTIFICATE UNDER THE PROVISIONS OF THE INTERNATIONAL CONVENTION ON STANDARDS OF TRAINING, CERTIFICATION AND WATCHKEEPING FOR SEAFARERS, 1978, AS AMENDED

_____ certifies that certificate No. _____ issued to _____ by _____ is recognized in accordance with the provisions of regulation i/10 of the above Convention, as amended, and its holder is authorized to perform the following functions, at the levels specified, subject to limitations indicated until _____:

ФУНКЦИЯ FUNCTION	ДЕҢГЕЙ LEVEL	ШЕКТЕУЛЕР (бар болса) LIMITATIONS APPLYING (if any)
---------------------	-----------------	--

Осы растаманың иесі кемелерді экипаждармен қауіпсіз топтауға қойылатын талаптарында көрсетілген мынадай лауазымда немесе лауазымдарда қызмет ете алады:

The holder of this endorsement may serve in the following capacity or capacities specified in the applicable safe manning requirements:

ЛАУАЗЫМ CAPACITY	ШЕКТЕУЛЕР (бар болса) LIMITATIONS APPLYING (if any)
---------------------	--

Растама / Endorsement № _____
 Беру күні / Date of issue _____
 Мөр орны / Official Seal _____

Растама иесінің суреті
 Photograph of the holder
 of the certificate

Уәкілетті адамның қолы /
 Signature of duly authorized official

Уәкілетті адамның тегі/
 Name of duly authorized official

Осы растаманың түпнұсқасы Конвенция I/2 Қағидасының 11-тармағына сәйкес кемеде, онда оның иесі жұмыс істегенше болуы тиіс.

The original of this endorsement must be kept available in accordance with regulation I/2, paragraph 11, of the Convention while its holder is serving on a ship.

Растама иесінің туған күні / Date of birth of the holder of the certificate _____

—
Растама иесінің қолы / Signature of the holder of the certificate _____
—

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2017 жылғы 26 шілдедегі
№ 504 бұйрығына
3-қосымша

Теңізшілерге диплом беру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Теңізшілерге диплом беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-3) тармақшасына және 1978 жылғы Теңізшілерді даярлау мен диплом беру және вахта жұмысын атқару туралы халықаралық конвенцияға, түзетулеріне, (бұдан әрі – ТДВА) сәйкес әзірленді және теңізшілерге диплом беру тәртібін айқындайды.

2. Қағидалар әскери-теңіз флоты, балық аулауға арналған кемелер, коммерциялық мақсаттарда пайдаланбайтын серуендік яхталар, қарапайым пішінді ағаш кемелер экипаждарының мүшелерінен басқа сауда мақсатында теңізде жүзетін кемелерінде жұмыс істейтін немесе жұмыс істеуге үміттенген Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 04.03.2025 № 73 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар:

1) аға механик – қозғалтқыш қондырғысы, сондай-ақ кемедегі механикалық және электр қондырғыларын пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету үшін жауапты, лауазымы бойынша аға механик;

2) басқару құрам тұлғасы - капитан болып табылмайтын, басқару лауазымдағы экипаж мүшесі;

3) қатардағы құрам тұлғасы – капитан немесе басқару құрам тұлғасы болып табылмайтын кеме экипажының мүшесі;

4) екінші механик – аға механик қабілетсіз болған жағдайда жауапкершілікті жүктей алмайтын қозғалтқыш қондырғысы, сондай-ақ кемедегі механикалық және электр қондырғыларын пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету үшін жауапты лауазым бойынша аға механиктен кейінгі механик;

5) капитанның аға көмекшісі – лауазымы бойынша капитаннан кейінгі, капитан кемені басқаруға қабілетсіз болған жағдайда оған кемені басқару жүктелетін басқару құрам тұлғасы;

6) капитан – кемені басқаратын тұлға;

7) кәсіби диплом – кеме экипажы мүшесіне берілген және оның біліктілігін растайтын диплом;

8) кәсіби диплом растамасы – шетелдік кәсіби дипломды танитынын немесе кәсіби дипломның берілуін куәландыратын құжат (қатардағы құрамның дипломдарын қоспағанда);

9) жеңілдік рұқсаты – кеме экипажының мүшесіне тиісті кәсіби дипломында көрсетілмеген лауазымды атқаруға 6 айдан аспайтын мерзімге рұқсат ететін құжат;

10) радиооператор – Электрбайланыс халықаралық одағы 1995 жылы Дүниежүзілік радиобайланыс конференциясында қабылданған Радиобайланыс регламентінің (бұдан әрі – Радиобайланыс регламенті) негізінде берілген немесе танылатын тиісті дипломы бар тұлға;

11) Теңіз портының әкімшілігі – уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі;

12) электромеханик – ТДВА III/6 ережесіне сәйкес біліктілігі бар басшы құрам тұлғасы;

13) уәкілетті орган – сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

14) теңіз көлігі маманын даярлау куәлігі – кәсіби диплом болып табылмайтын ТДВА талаптары орындалғанын растайтын теңізшіге берілген құжат;

15) теңізші – теңіз кемесі экипажының мүшесі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.11.2019 № 819 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Кәсіби дипломды, кәсіби диплом растамасын, жеңілдік рұқсатты мемлекеттік және ағылшын тілдерінде Порттың теңіз әкімшілігі береді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.11.2019 № 819 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Кәсіби диплом, кәсіби диплом растамасы, жеңілдік рұқсаты 18 жастан жас емес тұлғаларға беріледі.

6. Осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген адамдар үшін кәсіби дипломның қолданылу мерзімі 5 жыл құрайды.

Кәсіби дипломның растамасы кәсіби дипломның қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін күшін жояды және кәсіби дипломсыз жарамсыз болып табылады.

Қатардағы құрам үшін кәсіби дипломның қолданылу мерзімі жоқ.

Капитанның немесе басқару құрам тұлғасының алғашқы кәсіби дипломды алу үшін жүзу өтілі жалпы сыйымдылығы немесе бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты аталған кәсіби дипломда көрсетілген кемелерде жиналады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.06.2023 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Кәсіби дипломның иесіне қызмет етуге рұқсат етілетін лауазым кеме экипажының ең аз құрамына қойылатын талаптарда пайдаланатындарға ұқсас терминдерде ТДВА сәйкес көрсетіледі.

8. Кәсіби дипломдар және кәсіби диплом растамалары кеме экипажының мынадай мүшелеріне беріледі:

- 1) жалпы сыйымдылығы 500 немесе одан артық тіркелім тонна кеме капитанының вахталық көмекшісі;
- 2) жалпы сыйымдылығы 500-ден 3000 тіркелім тоннаға дейін кеме капитанының аға көмекшісі;
- 3) жалпы сыйымдылығы 3000 немесе одан артық тіркелім тонна кеме капитанының аға көмекшісі;
- 4) жалпы сыйымдылығы 500-ден 3000 тіркелім тоннаға дейін кеменің капитаны;
- 5) жалпы сыйымдылығы 3000 немесе одан артық тіркелім тонна кеменің капитаны;
- 6) жалпы сыйымдылығы 500 тіркелім тоннадан кем жағалау жүзудегі кеме капитанының вахталық көмекшісі;
- 7) жалпы сыйымдылығы 500 тіркелім тоннадан кем жағалау жүзудегі кеме капитаны;
- 8) бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 немесе одан артық кВт құрайтын кеменің вахталық механигі;
- 9) бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750-3000 кВт құрайтын кеменің екінші механигі;
- 10) бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 3000 немесе одан артық кВт құрайтын кеменің екінші механигі;
- 11) бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750-3000 кВт құрайтын кеменің аға механигі;
- 12) бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 3000 немесе одан артық кВт құрайтын кеменің аға механигі;

13) бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 немесе одан артық кВт құрайтын кемеңің электромеханигі;

14) Апат кезінде және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін байланыстың жаһандық теңіз жүйесінің (бұдан әрі – ҚБЖТЖ) жүзуі шектелген ауданның радиооператоры;

15) ҚБЖТЖ радиооператоры.

9. Кәсіби дипломдар қатардағы құрамның мынадай тұлғаларына беріледі:

1) жалпы сыйымдылығы 500 немесе одан артық тіркелім тонна кемедегі навигациялық вахта құрамындағы матрос;

2) жалпы сыйымдылығы 500 немесе одан артық тіркелім тонна кемедегі бірінші санаттағы матрос;

3) бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 немесе одан артық кВт құрайтын кемедегі машиналық вахта құрамындағы моторист;

4) бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 немесе одан артық кВт құрайтын кемедегі бірінші санаттағы моторист;

5) бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 немесе одан артық кВт құрайтын кемеңің электригі.

10. Тізбесі және нысандары Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 362 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11173 болып тіркелген) бекітілген теңіз көлігі мамандарын даярлаудың тиісті куәліктері кемеңің мынадай түрлерінде жұмыс істейтін теңізшілерде:

1) мұнай танкерлері, химия тасушылары, газ тасушылары;

2) жолаушылар кемелері;

3) Теңізде адам өмірін қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияға, түзетулеріне, (бұдан әрі – СОЛАС конвенциясы) сәйкес тұтанудың төмен температурасымен отынында жұмыс істейтін кемелер;

4) СОЛАС конвенциясына сәйкес поляр суларында пайдаланатын кемелер;

5) СОЛАС конвенциясына сәйкес жоғары жылдамдықтағы кемелер.

Мұнай танкерлері, химия тасушылары немесе газ тасушыларында жұмыс істейтін капитандар мен басшы құрамы адамдарының кәсіби дипломдарында теңіз көлігі мамандарын даярлаудың тиісті куәліктерінің растамалары болады.

Барлық теңізшілерде теңіз көлігі мамандарын даярлаудың мынадай куәліктері:

1) "Бастапқы даярлау";

2) "Кемеңің күзету туралы хабардарлық саласындағы даярлау" немесе "Күзет мәселелері бойынша тағайындалған міндеттер саласындағы даярлау".

Палуба командасының кәсіби дипломын алуға барлық кандидаттарда:

1) ҚБЖТЖ радиооператорының немесе ҚБЖТЖ шектеулі әрекет ету радиооператорының кәсіби дипломы;

2) ТДВА кодексінің А-II/1 бөліміне сәйкес радиолокациялық станцияны пайдалану бойынша дайындық;

3) ТДВА кодексінің А-II/1 бөліміне сәйкес автоматты радиолокациялық төсем жүйесін (бұдан әрі – АРКЖ) пайдалану бойынша дайындық (кәсіби диплом болмаған жағдайда "АРКЖ-сыз" шектеуімен беріледі);

4) ТДВА кодексінің А-II/1 бөліміне сәйкес электрондық картографиялық навигациялық ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – ЭКНАЖ) пайдалану бойынша дайындық (кәсіби диплом болмаған жағдайда "ЭКНАЖ-сыз" шектеуімен беріледі).

Басқару құрамы адамының кәсіби дипломын алуға барлық кандидаттарда теңіз көлігі мамандарын даярлаудың мынадай куәліктері:

1) "Шапшаң кезекші қайықшалар болып табылмайтын, құтқару қайықшалары мен салдар және кезекші қайықшалар бойынша маман";

2) "Кеңейтілген бағдарлама бойынша өртпен күрес";

3) "Кемеде алғашқы медициналық көмек көрсету".

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 3000 немесе одан артық кВт құрайтын кеме екінші механигінің кәсіби диплом иесіне бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750-3000 кВт құрайтын кеме аға механигінің лауазымын атқаруға рұқсат етіледі.

Кәсіби дипломға кеме экипажының мүшесі атқаратын барлық лауазымдар, әрбір лауазым бойынша шектеуді көрсете отырып, барлық төмен тұрған лауазымдарды қоса алғанда енгізіледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Кәсіби диплом, кәсіби диплом растамасының бланкілерінде енгізілетін жазулардың сақталуын арттыруға арналған және бланкілерді және оларға жүргізілген жазуларды қолдан жасаудан қорғау үшін қосымша арнайы әзірленген элементтер қолданылады.

2-тарау. Теңізшілерге диплом беру тәртібі

1-параграф. Кәсіби дипломды беру, ұзарту және алып қою

13. Кәсіби дипломды алуға кандидат Порттың теңіз әкімшілігіне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Порттың теңіз әкімшілігі басшысының атына өтініш;

2) 3x4 см нысандағы сурет – 2 дана;

3) Порттың теңіз әкімшілігі берген теңізде жүзу кітапшасының көшірмесі;

4) жеке басын куәландыратын құжат (немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат) (жеке басын анықтау үшін);

5) осы Қағидалардың 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74-тармақтарында көзделген шарттарға сәйкестігі туралы құжаттардың көшірмелері;

6) "Кеме экипажы мүшелерін медициналық қарап-тексеру қағидаларын, олардың денсаулығы мен дене жарамдылығына қойылатын талаптарды, сондай-ақ медициналық қорытындының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 364 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11546 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша медициналық қорытындының (бұдан әрі – медициналық қорытынды) көшірмесі;

7) кәсіби дипломды бергені үшін мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Шет тіліндегі құжаттардың көшірмелері Порттың теңіз әкімшілігіне мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасымен ұсынылады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14-1. Осы Қағидалардың 13-тармағында көзделген ұсынылған құжаттардың толық болмау және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттар фактісі анықталған жағдайда, Порттың теңіз әкімшілігі құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Осы Қағидалардың 13-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттардың толықтығы анықталған жағдайда өтініш берушіге Теңізшілерге диплом беру мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) жүргізетін әңгімелесудің орны, күні және уақыты туралы хабарланады.

Комиссияның құрамы, сондай-ақ оның ережесі Порттың теңіз әкімшілігі басшысының шешімімен бекітіледі. Комиссия құрамына Комиссия төрағасы, Комиссия төрағасының орынбасары, Комиссия мүшелері, Комиссия хатшысы кіреді.

Комиссия мүшелерінің шешімдер қабылдау үшін кворумы төрағаны не оның орынбасарын қоса алғанда, 5 адамды құрайды. Әңгімелесу өткізу кезінде кворумға кандидаттар үміттеніп отырған кәсіби дипломнан төмен емес кәсіби диплом бар кемінде 1 маман кіреді.

Әңгімелесу нәтижелері бойынша Комиссия өтініш берушінің осы Қағидалардың 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50,

51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74-тармақтарының талаптарына сәйкестігін айқындайды.

Ескерту. 1-параграф 14-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 26.10.2018 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

15. Кәсіби дипломын беру туралы өтінішті қарау мерзімі – өтінішті тіркеген сәттен бастап 15 жұмыс күні.

15-1. Кәсіби дипломды беру Комиссияның оң шешімі шыққаннан кейін жүзеге асырылады.

Ескерту. 1-параграф 15-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 26.10.2018 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Кәсіби дипломды беруден бас тарту үшін негіздер мыналар болып табылады:

1) ұсынылған құжаттардың және (немесе) оларда көрсетілген деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) өтініш берушінің және (немесе) ұсынылған құжаттардың Қағидалардың 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74-тармақтарына сәйкес келмеуі.

Өтініш беруші әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен кәсіби дипломды беруден бас тартуға шағым жасауға құқылы.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Кандидат осы Қағидалардың талаптарына сай болуы кезінде Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген мерзімдерде кәсіби дипломдардың, кәсіби дипломдар растамаларының, жеңілдік рұқсаттарының тізіліміне кәсіби дипломды беру туралы ақпарат енгізіледі және кәсіби диплом беріледі.

Қағидалардың 16-тармағында көзделген негіздер болған жағдайда, құжаттарды ұсынған өтініш берушіге жазбаша дәлелді бас тарту Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген мерзімдерде жолданады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 26.10.2018 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Кәсіби дипломды жоғалтқан, бұзылуы кезінде Теңіз портының әкімшілігі өтінішті қабылдағаннан кейін екінші жұмыс күні өтініш берушіге тиісті құжаттың телнұсқасын береді.

19. Кәсіби дипломның иесі оның мерзімін ұзарту үшін Порттың теңіз әкімшілігі басшысының атына еркін нысандағы өтінішті, сондай-ақ мынадай құжаттардың көшірмелерін ұсынады:

1) медициналық қорытынды;

2) ТДВА курстарынан өту туралы құжаттар;

3) алдыңғы 5 жыл ішінде жалпы 1 жыл мерзімде немесе тікелей мерзімді ұзарту алдында 6 ай ішінде 3 ай бойы кемеде жұмыс істеу туралы растайтын құжаттар және кәсіптік дипломға немесе теңіз көлігі саласында:

Кеме жүргізушілері үшін:

1) лоцман;

2) басқарушы лауазымындағы кеме қатынасы компаниясының қызметкері;

3) кеме жүргізуші біліктілігі бар әскери-теңіз флотының офицері.

Кеме механиктері үшін:

1) кеме қатынасы компаниясының техникалық инспекторы;

2) теңіз құрылғыларында электростанциялық құрылғыларды эксплуатациялайтын механик болып жұмыс істейтін маман;

3) кеме механик біліктілігі бар әскери-теңіз флотының офицері.

Капитанның немесе командалық құрам адамының кәсіби дипломының қолданылу мерзімін ұзарту кезінде жұмыс өтілі олардың жалпы сыйымдылығына немесе басты қозғалтқыш қондырғысының қуатына қарамастан кемелерден алынуы мүмкін.

Жұмыста ұзақ үзіліс болған жағдайда, ТДВА кодексінің А-І/11 бөліміне сәйкес куәландырылған ұйым берген мақұлданған дайындықтан өткенін растайтын құжат беріледі және кандидаттың атқаратын лауазымына сәйкестігін тексеруден өту мақсатында ұзартылатын кәсіби диплом алынған лауазым бойынша Комиссиямен әңгімелесу өткізіледі.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Мұнай танкерлері, химия тасушылары, газ тасушыларында қызмет ету үшін даярлық растаудың қолданылу мерзімін ұзарту үшін қолданыстағы растауда көрсетілген функцияларды орындаған, өткен 5 жыл мерзімінде 3 айдан кем емес жүзу тәжірибесі туралы құжат не тиісті курстарды аяқтағандығы туралы растау құжаты ұсынылады.

20-1. Осы Қағидалардың 19-тармағында көзделген ұсынылған құжаттардың толық болмау және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттар фактісі анықталған жағдайда, Порттың теңіз әкімшілігі құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Осы Қағидалардың 19-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттардың толықтығы мен жарамдылығы анықталған жағдайда, кәсіби дипломның қолданылу мерзімін Порттың теңіз әкімшілігі ұзартады.

Ескерту. 1-параграф 20-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 26.10.2018 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

20-2. Ұсынылған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау кәсіби дипломның қолданылу мерзімін ұзартудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 1-параграф 20-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 26.10.2018 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

21. Кәсіби диплом Теңіз порты әкімшілігі:

1) медицина қызметкері куәландырған кәсіби диплом иесінің денсаулығы нашарлауы салдарынан дене мүмкіндігінің жарамсыздығы туралы мәліметтер көрсетілген кезінде;

2) кәсіби диплом иесінің кінәсі бойынша авариялық жағдай туындағанда (мұндай шешім авариялық жағдайды тергеп-тексеру жөніндегі қорытынды негізінде қабылданады);

3) кәсіби диплом алуға өтініш беру кезінде анық емес ақпарат және/немесе жасанды ұсынылған (мұндай шешім осы жағдайды тергеп-тексеру жөніндегі қорытынды негізінде қабылданады) кезде алып қояды.

22. Қағидалар 21-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда Теңіз порты әкімшілігінің шешімімен құрылған комиссия тергеуді жүргізеді.

23. Теңіз порты әкімшілігі шешім қабылдағаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде кәсіби дипломды оның иесінен алып қою туралы хабарлама жолдайды, сондай-ақ кәсіби дипломдар, кәсіби дипломдар растамалары, жеңілдік рұқсаттары тізіліміне көрсетілген құжаттың алып қойылғандығы туралы белгі енгізіледі.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 26.10.2018 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Кәсіби диплом оны алып қою туралы хабарламаны алғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде Теңіз порты әкімшілігіне тапсырылады.

25. Жалпы сыйымдылығы 500 немесе одан артық тіркелім тонна кеме капитаны вахталық көмекшісінің кәсіби дипломын алу кезінде ТДВА II/1 қағидаларының 2-тармағына сәйкес кандидат:

1) куәландырылған білім беру ұйымы берген кеме жүргізу саласында жоғары немесе орта кәсіптік білім алғаны туралы құжат;

2) ТДВА кодексінің А-II/1 бөліміне сәйкес дайындықты тіркеу кітапшасында расталған кемедегі дайындықты қоса алғанда теңіз көлігі маманын даярлаудың бөлігі ретінде 12 айдан кем емес жүзу өтілі немесе 36 айдан кем емес жүзу өтілі және ТДВА кодексінің А-II/1 бөліміне сәйкес куәландырылған ұйымда даярлауды өту туралы құжат . Еңбек өтілі 6 айдан кем емес уақытта капитанның немесе командалық құрамның басқа адамының басшылығымен көпірде вахтаны атқару жөніндегі міндеттер орындалады;

3) осы Қағидалардың 10 және 13-тармақтарында көрсетілген құжаттар.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Жалпы сыйымдылығы 500-ден 3000-ға дейін тіркелімдік тоннаға дейінгі кеме капитанының аға көмекшісінің кәсіби дипломын алу кезінде ТДВА II/2 қағидаларының 4-тармағына сәйкес кандидат:

1) жалпы сыйымдылығы 500 тіркелімдік тонна немесе одан астам кеме капитаны вахталық көмекшісінен төмен емес кәсіби диплом;

2) жалпы сыйымдылығы 500 тіркелімдік тонна немесе одан астам кеме капитанының вахталық көмекшісінен төмен емес лауазымдағы 12 айдан кем емес жүзу өтілі;

3) ТДВА кодексінің А-II/2 бөліміне сәйкес даярлауды өту туралы құжат (ТДВА II/2 қағидаларының 4.3-тармағы);

4) осы Қағидалардың 10 және 13-тармақтарында көрсетілген құжаттар;

5) "Кемедегі медициналық күтім" бағдарламасы бойынша теңіз көлігі маманын даярлау куәлігі.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Жалпы сыйымдылығы 3000 тіркелімдік тонна немесе одан астам кеме капитанының аға көмекшісінің кәсіби дипломын алу кезінде ТДВА II/2 қағидаларының 2-тармағына сәйкес кандидат:

1) жалпы сыйымдылығы 500 тіркелімдік тонна немесе одан астам кеме капитанының вахталық көмекшісінен төмен емес кәсіби диплом;

2) жалпы сыйымдылығы 500 тіркелімдік тонна немесе одан астам кемелерде капитанның вахталық көмекшісінен төмен емес лауазымдағы 12 айдан кем емес жүзу өтілі;

3) ТДВА кодексінің А-II/2 бөліміне сәйкес даярлауды өту туралы құжат (ТДВА II/2 қағидаларының 2.2-тармағы);

4) осы Қағидалардың 10 және 13-тармақтарында көрсетілген құжаттар;

5) "Кемедегі медициналық күтім" бағдарламасы бойынша теңіз көлігі маманын даярлау куәлігі.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Жалпы сыйымдылығы 500-ден 3000-ға дейін тіркелімдік тоннаға дейінгі кеме капитанының кәсіби дипломын алған кезде ТДВА II/2 қағидаларының 4.2 және 4.3-тармақтарына сәйкес кандидат:

1) жалпы сыйымдылығы 500 тіркелімдік тонна немесе одан астам кеме капитанының вахталық көмекшісінен төмен емес кәсіби диплом;

2) жалпы сыйымдылығы 500 тіркелімдік тонна немесе одан астам кеме капитанының вахталық көмекшісі ретінде кемінде 36 ай немесе жалпы сыйымдылығы 500-ден 3000 тіркелімдік тоннаға дейін немесе одан астам кеме капитанының аға көмекшісі ретінде 12 ай және жалпы сыйымдылығы 500 тіркелімдік тонна немесе одан астам кеме капитанының вахталық көмекшісі ретінде 12 ай немесе жалпы сыйымдылығы 500-ден 3000 тіркелімдік тоннаға дейін немесе одан астам кеме капитанының аға көмекшісі ретінде 24 ай немесе жалпы сыйымдылығы 500-ден 3000-ға дейін тіркелімдік тонна немесе одан астам кеме капитаны ретінде 12 айдан кем емес жүзу өтілі;

3) ТДВА кодексінің А-II/2 бөліміне сәйкес даярлауды өту туралы құжат (ТДВА II/2 қағидаларының 4.3-тармағы);

4) осы Қағидалардың 10 және 13-тармақтарында көрсетілген құжаттар;

5) "Кемедегі медициналық күтім" бағдарламасы бойынша теңіз көлігі маманын даярлау куәлігі.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Жалпы сыйымдылығы 3000 тіркелімдік тонна немесе одан астам кеме капитанының кәсіби дипломын алған кезде ТДВА II/2 қағидаларының 2-тармағына сәйкес кандидат:

1) жалпы сыйымдылығы 500 тіркелімдік тонна немесе одан астам кеме капитанының вахталық көмекшісінен төмен емес кәсіби диплом;

2) жалпы сыйымдылығы 500 тіркелімдік тонна немесе одан астам кеме капитанының вахталық көмекшісі ретінде кемінде 36 ай немесе жалпы сыйымдылығы 3000 тіркелімдік тонна немесе одан астам кеме капитанының аға көмекшісі ретінде 12 ай және жалпы сыйымдылығы 500 тіркелімдік тонна немесе одан астам кеме капитанының вахталық көмекшісі ретінде немесе жалпы сыйымдылығы 3000 тіркелімдік тонна немесе одан астам кеме аға көмекшісі ретінде 24 ай жалпы сыйымдылығы 3000 тіркелімдік тонна немесе одан астам кеме капитаны не жалпы сыйымдылығы 3000 тіркелімдік тонна немесе одан астам кеме капитаны ретінде 12 ай жүзу өтілі;

3) ТДВА кодексінің А-II/2 бөліміне сәйкес даярлауды өту туралы құжат (ТДВА II/2 қағидаларының 2.1.2-тармағы);

4) осы Қағидалардың 10 және 13-тармақтарында көрсетілген құжаттар;

5) "Кемедегі медициналық күтім" бағдарламасы бойынша теңіз көлігі маманын даярлау куәлігі.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Жалпы сыйымдылығы 500 тіркелімдік тоннадан кем жағалаудағы жүзу кемесі капитанының вахталық көмекшісінің кәсіби дипломын алу кезінде ТДВА II/3 қағидаларының 4-тармағына сәйкес кандидат:

1) куәландырылған білім беру ұйымы берген кеме жүргізу саласында жоғары немесе орта кәсіптік білім алғаны туралы құжат;

2) капитанның вахталық көмекшісінің барлық функцияларын орындау бойынша сынақты (ТДВА II/3 қағидаларының 4.2.1-тармағы) қоса алғанда, диплом алған маманның тікелей басшылығымен вахтаны атқару жөніндегі міндеттерді оқу бағдарламасының бөлігі ретінде орындай отырып, кемінде 6 ай жүзу өтілі, немесе капитанның вахталық көмекшісінің барлық функцияларын орындау бойынша сынақты (ТДВА II/3 қағидаларының 4.2.2-тармағы) қоса алғанда, диплом алған маманның тікелей басшылығымен вахтаны атқару жөніндегі міндеттерді орындай отырып оқу бағдарламасының бөлігі ретінде 6 ай құрайтын палубалық команда құрамында кемінде 36 ай жүзу өтілі және ТДВА кодексінің А-II/3 бөліміне сәйкес даярлауды өту туралы құжат (ТДВА II/3 қағидаларының 4.4-тармағы);

3) осы Қағидалардың 10 және 13-тармақтарында көрсетілген құжаттар.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Жалпы сыйымдылығы 500 тіркелімдік тоннадан кем болатын жағалауда жүзетін кеме капитанының кәсіби дипломын алған кезде ТДВА II/3 қағидаларының 6-тармағына сәйкес кандидат:

1) капитан вахталық көмекшісінен төмен емес кәсіби диплом;

2) кеме капитанының вахталық көмекшісінен төмен емес лауазымдағы 12 айдан кем емес жүзу өтілі;

3) ТДВА кодексінің А-II/3 бөліміне сәйкес даярлауды өту туралы құжат (ТДВА II/3 қағидаларының 6.3-тармағы);

4) осы Қағидалардың 10 және 13-тармақтарында көрсетілген құжаттар;

5) 20 жастан кіші емес.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 немесе одан артық кВт құрайтын кеменің вахталық механигінің кәсіби дипломын алу кезінде ТДВА III/1 қағидаларының 2-тармағына сәйкес кандидат:

1) куәландырылған білім беру ұйымы берген кемелік күштік қондырғыларды пайдалану саласында жоғары немесе орта кәсіптік білім алғаны туралы құжат;

2) дайындықты тіркеу кітапшасында расталған, ТДВА кодексінің А-III/1 бөліміне сәйкес кемедегі дайындықты қамтитын даярлау бағдарламаларынан өту бөлігі ретінде кемінде 12 ай жүзу өтілі немесе кемінде 30 ай машина командасының құрамында кемеді жұмыс өтілі болып табылатын кемінде 36 ай жүзу өтілі. Өтіл барысында білікті механиктің басшылығымен машина бөлімшесінде вахта атқару бойынша міндеттері кемінде 6 ай орындалады. Кемеді қалған 6 айлық жұмыс куәландырылған зертханаларда, тренажер-симуляторларда, оқу-жаттығу машина бөлімінде сабақтарға ауыстырылады;

3) осы Қағидалардың 10 және 13-тармақтарында көрсетілген құжаттар.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750-3000 кВт құрайтын кеменің екінші механигінің кәсіби дипломын алу кезінде ТДВА III/3 қағидаларының 2-тармағына сәйкес кандидат:

1) бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 немесе одан артық кВт құрайтын кеменің вахталық механигінен төмен емес кәсіби диплом;

2) бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 немесе одан артық кВт құрайтын кеменің механик-стажердан төмен емес лауазымында 12 айдан кем емес жүзу өтілі;

3) ТДВА кодексінің А-III/3 бөліміне сәйкес даярлауды өту туралы құжат (ТДВА III/3 қағидаларының 2.2-тармағы);

4) осы Қағидалардың 10 және 13-тармақтарында көрсетілген құжаттар.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 3000 немесе одан артық кВт құрайтын кеменің екінші механигінің кәсіби дипломын алу кезінде ТДВА III/2 қағидаларының 2-тармағына сәйкес кандидат:

1) бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 немесе одан артық кВт құрайтын кеменің вахталық механигінен төмен емес кәсіби диплом;

2) бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 немесе одан артық кВт құрайтын кеменің вахталық механигінен төмен емес лауазымында 12 айдан кем емес жүзу өтілі;

3) ТДВА кодексінің А-III/2 бөліміне сәйкес даярлауды өту туралы құжат (ТДВА III/2 қағидаларының 2.2-тармағы);

4) осы Қағидалардың 10 және 13-тармақтарында көрсетілген құжаттар.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750-3000 кВт құрайтын кеменің аға механигінің кәсіби дипломын алу кезінде ТДВА III/3 қағидаларының 2-тармағына сәйкес кандидат:

1) бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 немесе одан артық кВт құрайтын кеменің екінші механигінен төмен емес кәсіби диплом;

2) бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 немесе одан артық кВт құрайтын кеменің екінші механигі ретінде 12 айдан және вахталық механигі ретінде 12 айдан немесе екінші механигі ретінде 24 айдан немесе аға механигі ретінде 12 айдан кем емес жүзу өтілі;

3) ТДВА кодексінің А-III/3 бөліміне сәйкес даярлауды өту туралы құжат (ТДВА III/3 қағидаларының 2.2-тармағы);

4) осы Қағидалардың 10 және 13-тармақтарында көрсетілген құжаттар.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 3000 немесе одан артық кВт құрайтын кеме аға механигінің кәсіби дипломын алу кезінде ТДВА III/2 қағидаларының 2-тармағына сәйкес кандидат:

1) қуаты 750 кВт немесе одан астам басты қозғалтқыш қондырғысы бар кеменің вахталық механигінен төмен емес кәсіби диплом;

2) қуаты 750 кВт немесе одан астам басты қозғалтқыш қондырғысы бар кемелерде вахталық механик ретінде кемінде 36 ай немесе екінші механик ретінде 12 ай және вахталық механик ретінде 12 ай немесе қуаты 3000 кВт басты қозғалтқыш қондырғысы бар кемелерде екінші механик ретінде 24 ай немесе аға механик ретінде 12 ай жүзу өтілі;

3) ТДВА кодексінің А-III/2 бөліміне сәйкес даярлауды өту туралы құжат (ТДВА III/2 қағидаларының 2.2-тармағы);

4) осы Қағидалардың 10 және 13-тармақтарында көрсетілген құжаттар.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 немесе одан артық кВт құрайтын кеме электр механигінің кәсіби дипломын алу кезінде ТДВА III/6 қағидаларының 2-тармағына сәйкес кандидат:

1) куәландырылған білім беру ұйымы берген кеме электр жабдығын және автоматиканы пайдалану саласында жоғары немесе орта кәсіптік білім алғаны туралы құжат;

2) бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 немесе одан артық кВт кемелерде электр механик лауазымында кемінде 12 айлық жүзу өтілі, соның ішінен кемінде 6 айы ТДВА Кодексінің А-III/6 бөліміне сәйкес, даярлықты тіркеу кітапшасында расталған даярлау бағдарламаларынан өту бөлігі ретінде кемедегі жұмыс өтілі, немесе кемінде 36 айлық жүзу өтілі, соның ішінен кемінде 30 айы машина командасының құрамында жұмыс өтілі немесе кемінде 12 айлық жүзу өтілі;

3) осы Қағидалардың 10 және 13-тармақтарында көрсетілген құжаттар.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. ҚБЖТЖ шектеулі әрекет ету радиооператорының кәсіби дипломын алу кезінде кандидат ТДВА IV/2 ережесінің 2-тармағына және Радиобайланыс регламентіне сәйкес болуы, ТДВА кодексінің А-IV/2 бөліміне сәйкес шектеулі жүзу ауданындағы теңіз радиобайланысы операторлары үшін курсты өту туралы куәлігі болуы тиіс.

39. ҚБЖТЖ радиооператорының кәсіби дипломын алу кезінде кандидат ТДВА IV/2 ережесінің 2-тармағына және Радиобайланыс регламентіне сәйкес болуы, ТДВА А-IV/2 кодексінің бөліміне сәйкес теңіз радиобайланысы операторлары үшін курсты өту туралы куәлігі болуы тиіс.

40. Қағидалардың 26, 27 және 31-тармақтарында көрсетілген кәсіби дипломдарды алу кезінде кандидаттың ТДВА кодексінің А-II/2 бөліміне сәйкес мынадай білім мен дағдылары болуы тиіс:

1) іздеу мен құтқару операцияларын үйлестіру;

2) авария жағдайлары кезіндегі іс-қимылдар;

3) теңіздегі адам өмірін және теңіз ортасын қорғау жөніндегі заңнаманың талаптарын орындауды бақылау;

4) кеменің құтқару, өртке қарсы және басқа да қорғау жүйелерін жұмыс қалпында ұстау жолымен авария жағдайында кеменің экипаж бен жолаушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

5) авария жағдайлары кезінде іс-қимылдардың және кеме жасампаздығының жоспарларын әзірлеу;

б) көшбасшылық және басқару дағдылары.

41. Қағидалардың 33 және 34-тармақтарында көрсетілген кәсіби дипломдарды алу кезінде кандидаттың ТДВА кодексінің А-III/2 бөліміне сәйкес мынадай білім мен дағдылары болуы тиіс:

- 1) авария жағдайлары кезіндегі іс-қимылдар;
- 2) теңіздегі адам өмірін және теңіз ортасын қорғау жөніндегі заңнаманың талаптарын орындауды бақылау;
- 3) кеменің құтқару, өртке қарсы және басқа да қорғау жүйелерін жұмыс қалпында ұстау жолымен авария жағдайында кеменің экипаж бен жолаушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 4) авария жағдайлары кезіндегі іс-қимылдардың және кеме жасампаздығының жоспарларын әзірлеу;
- 5) көшбасшылық және басқару дағдылары.

42. Жалпы сыйымдылығы 500 немесе одан артық тіркелім тонна кемедегі навигациялық вахта құрамындағы матростың кәсіби дипломын алу кезінде ТДВА II/4 қағидаларына сәйкес кандидаттың:

1) капитан, капитанның вахталық көмекшісі немесе білікті матростың басқаруымен палуба командасының құрамында 6 айдан кем емес жүзу өтілі, ТДВА кодексінің А-II/4 бөлімінде көрсетілген құзыреттілік стандарттарына сәйкестік немесе ТДВА кодексінің А-II/4 бөліміне сәйкес білім беру ұйымында арнайы дайындық және диплом алған маманның басшылығымен қозғалыс көпіршесінде вахтаны атқару жөніндегі міндеттерді орындай отырып оқу бағдарламасының бөлігі ретінде 2 айдан кем емес жүзу өтілі;

2) осы Қағидалардың 10 және 13-тармақтарында көрсетілген құжаттары бар.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.06.2023 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Жалпы сыйымдылығы 500 немесе одан артық тіркелім тонна кемедегі бірінші санаттағы матростың кәсіби дипломын алу кезінде ТДВА II/5 қағидаларына сәйкес кандидаттың:

1) жалпы сыйымдылығы 500 немесе одан артық тіркелім тонна кемедегі навигациялық вахта құрамындағы матростың кәсіби дипломы;

2) навигациялық вахта құрамындағы матростың лауазымында 18 айдан кем емес жүзу өтілі, ТДВА кодексінің А-II/5 бөлімінде көрсетілген құзыреттілік стандарттарына сәйкестік немесе ТДВА кодексінің А-II/5 бөліміне сәйкес білім беру ұйымында арнайы дайындық және навигациялық вахта құрамындағы матростың лауазымында 12 айдан кем емес жүзу өтілі;

3) осы Қағидалардың 10 және 13-тармақтарында көрсетілген құжаттары;

4) "Шапшаң кезекші қайықшалар болып табылмайтын, құтқару қайықшалары мен салдар және кезекші қайықшалар бойынша маман" бағдарламасы бойынша теңіз көлігі маманын даярлау куәлігі бар.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.06.2023 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 немесе одан артық кВт құрайтын кемедегі машиналық вахта құрамындағы мотористтің кәсіби дипломын алу кезінде ТДВА III/4 қағидаларына сәйкес кандидаттың:

1) машина командасының басшы құрамы адамының басқаруымен машина командасының құрамында 6 айдан кем емес жүзу өтілі, ТДВА кодексінің А-III/4 бөлімінде көрсетілген құзыреттілік стандарттарына сәйкестік немесе ТДВА кодексінің А-III/4 бөліміне сәйкес білім беру ұйымында арнайы дайындық және машина командасының басшы құрамы адамының басқаруымен машиналық вахтаны атқару жөніндегі міндеттерді орындай отырып оқу бағдарламасының бөлігі ретінде 2 айдан кем емес жүзу өтілі;

2) осы Қағидалардың 10 және 13-тармақтарында көрсетілген құжаттары бар.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.06.2023 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 немесе одан артық кВт құрайтын кемедегі бірінші санаттағы мотористтің кәсіби дипломын алу кезінде ТДВА III/5 қағидаларына сәйкес кандидат:

1) бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 немесе одан артық кВт құрайтын кемедегі машиналық вахта құрамындағы мотористтің кәсіби дипломы;

2) машиналық вахта құрамындағы мотористтің лауазымында 12 айдан кем емес жүзу өтілі, ТДВА кодексінің А-III/5 бөлімінде көрсетілген құзыреттілік стандарттарына сәйкестік немесе ТДВА кодексінің А-III/5 бөліміне сәйкес білім беру ұйымында арнайы дайындық және машиналық вахта құрамындағы мотористтің лауазымында 6 айдан кем емес жүзу өтілі.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 немесе одан артық кВт құрайтын кемедегі электріктің кәсіби дипломын алу кезінде ТДВА III/7 қағидаларына сәйкес кандидат:

1) машина командасының басшы құрамы адамының басқаруымен бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 немесе одан артық кВт құрайтын кемедегі 12 айдан кем емес жүзу өтілі, ТДВА кодексінің А-III/7 бөлімінде көрсетілген құзыреттілік

стандарттарына сәйкестік немесе ТДВА кодексінің А-III/7 бөліміне сәйкес білім беру ұйымында электрик бағдарламасы бойынша арнайы дайындық және машина командасының басшы құрамы адамының басқаруымен 6 айдан кем емес жүзу өтілі немесе ТДВА кодексінің А-III/7 бөлімінде көрсетілген техникалық мәселелерде құзыреттілік стандарттарына сәйкес біліктілік және машина командасының басшы құрамы адамының басқаруымен 3 айдан кем емес жүзу өтілі;

2) осы Қағидалардың 10 және 13-тармақтарында көрсетілген құжаттар.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Танкерлердегі жүк немесе тиейтін жабдықтарға жауапты қатардағы және командалық құрамның адамдарында жүк операцияларын жүргізу үшін бастапқы даярлау бойынша теңіз көлігі маманын даярлау тиісті куәлігі болады.

Мұнай немесе химия тасушы танкерлерінде жұмыс істеу және осы куәлікті алған кезде ТДВА V/1-1 қағидаларының 2-тармағына сәйкес болу, "Мұнай немесе химия тасушы танкерлерінде жүк операцияларын жүргізу үшін бастапқы даярлау" бағдарламасы бойынша курсы өту, "Бастапқы даярлау" бағдарламасы бойынша теңіз көлігі мамандарын даярлау куәлігі болу қажет.

Газ тасушы танкерлерінде жұмыс істеу және осы куәлікті алған кезде ТДВА V/1-2 қағидаларының 2-тармағына сәйкес болу, "Газ тасушы танкерлерінде жүк операцияларын жүргізу үшін бастапқы даярлау" бағдарламасы бойынша курсы өту, "Бастапқы даярлау" бағдарламасы бойынша теңіз көлігі мамандарын даярлау куәлігі болу қажет.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Капитан, аға механик, капитанның аға көмекшісі, екінші механик және жүктерді тасымалдау, басқару, танкерді тазарту немесе басқа тиеп-түсіру операциялары кезіндегі жүктерді тиеуге, түсіруге, қарауға жауапты басқа да адамда жүк операцияларын жүргізу үшін кеңейтілген даярлауды өту туралы тиісті теңіз көлігі мамандарын даярлау куәлігі болады.

Мұнай танкерлерінде жұмыс істеу және осы куәлікті алған кезде ТДВА V/1-1 қағидаларының 4-тармағына сәйкес болу, "Мұнай танкерлерінде жүк операцияларын жүргізу үшін кеңейтілген бағдарлама бойынша даярлау" бағдарламасы бойынша курсы өту, "Мұнай танкерлері немесе химия тасушы танкерлерінде жүк операцияларын жүргізу үшін бастапқы даярлау" бағдарламасы бойынша теңіз көлігі мамандарын даярлау куәлігі және мұнай танкерлерінде кемінде үш ай жұмыс өтілінің мақұлданыуы не мұнай танкерлерінде кемінде бір ай штаттан тыс лауазымда үш тиеу операциялары мен үш мұнай танкерін тиеу операцияларын қамтитын мақұлданған

даярлықтан өтуі түсіру бойынша операциялар және дайындықты тіркеу кітапшасында құжатпен расталған жұмыс өтілі болу қажет.

Химия тасушы танкерлерінде жұмыс істеу және осы куәлікті алған кезде ТДВА V/1-1 қағидаларының 6-тармағына сәйкес болу, "Химия тасушы танкерлерінде жүк операцияларын жүргізу үшін кеңейтілген бағдарлама бойынша даярлау" бағдарламасы бойынша курсы өту, "Мұнай танкерлері немесе химия тасушы танкерлерінде жүк операцияларын жүргізу үшін бастапқы даярлау" бағдарламасы бойынша теңіз көлігі мамандарын даярлау куәлігі және химтасымалдау танкерлерінде кемінде үш ай жұмыс стажы болуы не штаттан тыс лауазымда кемінде бір ай жұмыс істейтін мұнай химтасымалдау танкерлерінде мақұлданған даярлықтан өтуі тиіс, ол мұнай танкерлерінде мұнай тасымалдау жөніндегі үш операцияны қамтиды. тиеу және түсіру бойынша үш операция және дайындықты тіркеу кітапшасында құжатпен расталған жұмыс өтілі болу қажет.

Газ тасушы танкерлерінде жұмыс істеу және осы куәлікті алған кезде ТДВА V/1-2 қағидаларының 4-тармағына сәйкес болу, "Газ тасушы танкерлерінде жүк операцияларын жүргізу үшін кеңейтілген бағдарлама бойынша даярлау" бағдарламасы бойынша курсы өту, "Газ тасушы танкерлерінде жүк операцияларын жүргізу үшін бастапқы даярлау" бағдарламасы бойынша теңіз көлігі мамандарын даярлау куәлігі және газ тасушы танкерлерде кемінде үш ай жұмыс істеу немесе газ тасушы танкерлерде кемінде бір ай штаттан тыс лауазымда мақұлданған дайындықтан өту, ол үш тиеу және үш түсіру операцияларын қамтиды және дайындықты тіркеу кітабында құжатталған жұмыс өтілі болу қажет.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Жолаушылар кемесінің бортында жұмыс істейтін қызметшілер ТДВА V/2 ережесінің 5-тармағына сәйкес жолаушылар кемесінде авариялық жағдайлар бойынша курсынан өтеді. Капитан осы курсты өткен персоналдың тізімін жүргізеді.

50. Жолаушылар кемесінің жолаушылар жайларында жолаушыларға қызмет көрсететін персонал ТДВА V/2 ережесінің 6-тармағына сәйкес қауіпсіздік мәселелері бойынша даярлаудан өтеді.

51. Капитандар, командалық құрамның тұлғалары және жолаушылар кемелерінің жолаушыларына авариялық жағдайлар кезінде көмек көрсетуге жауапты ТДВА V/2 ережесінің 7-тармағына сәйкес даярлаудан өтеді.

52. Капитан, аға механик, капитанның аға көмекшісі, екінші механик және жолаушылар кемесінде авариялық жағдайда жолаушылардың қауіпсіздігі үшін жауапты басқа тұлғаларда ТДВА V/2 ережесінің 8-тармағына сәйкес "Жолаушылар кемелерінің капитандарын, командалық және қатардағы құрамның адамдарын, сондай-ақ басқа да персоналын даярлау" бағдарламасы бойынша теңіз көлігі

мамандарын даярлау куәлігі болады және ТДВА кодексі А-V/2 бөлімінің 4-тармағына сәйкес адамның қауіпті жағдайларда басқару мен іс-әрекеті бойынша даярлау курсынан өтеді.

53. Капитан, аға механик, капитанның аға көмекшісі, екінші механик және жолаушыларды отырғызу және түсіру үшін, немесе РО-РО жолаушылар кемесінің корпусында тесіктерді жабуға жауапты басқа адамдарда ТДВА V/2 қағидаларының 9-тармағына сәйкес жолаушылардың және жүктердің қауіпсіздігі, сондай-ақ корпустың су өткізбеушілігі бойынша даярлаудан өту туралы куәлігі болады және ТДВА кодексі А-V/2 бөлімінің 9-тармағына сәйкес келетін жолаушылардың және жүктердің қауіпсіздігі, сондай-ақ корпустың су өткізбеушілігі бойынша даярлау курсынан өтеді.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Теңіз көлігі маманын даярлау куәлігінің иесі Қағидалардың 51, 52 және 53-тармақтарына сәйкес ТДВА V/2 ережесінің 4-тармағына сәйкес біліктілігін арттыру курсынан өтеді және әр 5 жыл сайын өзінің куәлігінің жарамдылығын дәлелдейді.

55. Жоғары жылдамды кемелерде жұмыс істеу үшін капитан, капитанның көмекшісі, аға механик Жоғары жылдамды кемелер қауіпсіздігінің халықаралық кодексі 18-тарауының 3.3-тармағына сәйкес жоғары жылдамды кемелерді жүргізу бойынша курсынан өтеді, оны бітіргеннен кейін тиісті куәлікті алады. Куәлік иесі өзінің куәлігінің жарамдылығын жоғарыда көрсетілген кодекстің 18.3.5-тармағына сәйкес растайды. Ол үшін ол әр 2 жыл сайын куәлікте көрсетілгендей кемінде 6 ай жоғары жылдамды кемеде жұмысы туралы құжаттарды ұсынады.

56. Барлық теңізшілер төмен температурада тұтанатын отынымен істейтін кеме бортында өз міндеттерін орындауды бастамас бұрын, ТДВА I/14 ережесінің 1.5-тармағына сәйкес нұсқаудан өтеді.

57. Төмен температурада тұтанатын отынымен істейтін кемелердің бортында жанармаймен авариялық жағдайға ден қою үшін жауапты теңізшіде ТДВА V/3 ережесінің 5-тармағына сәйкес теңіз көлігі маманын даярлау куәлігі болады және ол ТДВА кодексі А-V/3 бөлімінің 1-тармағына сәйкес кемелердегі қызмет үшін бастапқы даярлау курсынан өтеді.

58. Қағидалардың 47 және 48-тармақтарында көрсетілген газ тасушыларда жүк операциялары бойынша бастапқы немесе кеңейтілген даярлаудан өту туралы куәлігі бар теңізшілер төмен температурада тұтанатын отынымен істейтін кемелерде қызмет өту үшін бастапқы даярлаудан өтуі туралы куәлігін алады. Осы куәліктің иесі оның жарамдылық мерзімін әр 5 жыл сайын ұзартады. Ол үшін ол ТДВА кодексі А-V/3 бөлімінің 1-тармағына сәйкес, төмен температурада тұтанатын отынымен істейтін кемелерде қызмет өту үшін бастапқы даярлау бойынша біліктілікті арттыру курсынан өтеді.

59. Капитан, аға механик және төмен температурада тұтанатын отынымен істейтін кемелердегі жанармайды пайдалануға және жанармай жүйесіне жауапты әр теңізшіде ТДВА V/3 ережесінің 7-тармағына сәйкес төмен температурада тұтанатын отынымен істейтін кемелерде қызмет үшін кеңейтілген даярлау бойынша теңіз көлігі маманын даярлау куәлігі бар, ТДВА кодексі А-V/3 бөлімінің 2-тармағына сәйкес төмен температурада тұтанатын отынымен істейтін кемелерде қызмет үшін кеңейтілген даярлау бойынша курсынан өтеді және ТДВА кодексі А-V/3 бөлімінің 8.2-тармағына сәйкес төмен температурада тұтанатын отынымен істейтін кемелердің бортына жанармайды қабылдау бойынша кемінде 3 операцияларды қосқанда 1 айдан кем емес жүзу өтілі болу және онда төмен температурада тұтанатын отынымен істейтін кемелерде қызмет үшін бастапқы даярлаудан өту туралы куәлігі болады.

60. Қағидалардың 48-тармағында көрсетілген "Газ тасушы танкерлерінде жүк операцияларын жүргізу үшін бастапқы даярлау" бағдарламасы бойынша теңіз көлігі мамандарын даярлау куәлігі бар теңізші ТДВА V/3 ережесінің 6 және 8-тармақтарына сәйкес болған және газ тасушының бортында 3 тиеу-түсіру операцияларына қатысқан жағдайда төмен температурада тұтанатын отынымен істейтін кемелерде жұмыс істеу үшін кеңейтілген даярлаудан өту туралы куәлігін алады. Осы куәліктің жарамдылығын иелері әр 5 жыл сайын растайды. Ол үшін олар ТДВА кодексі А-V/3 бөлімінің 2-тармағына сәйкес төмен температурада тұтанатын отынымен істейтін кемелерде қызмет өту үшін кеңейтілген даярлау бойынша біліктілікті арттыру курсынан өтеді.

61. Полярлы суларда жұмыс істейтін капитанда, капитанның аға көмекшісінде, капитанның вахталық көмекшісінде ТДВА V/4 қағидаларының 2-тармағына сәйкес полярлы суларда жұмыс істейтін кемелер үшін бастапқы даярлау бойынша куәлігі болады және ТДВА кодексі А-V/4 бөлімінің 1-тармағына сәйкес полярлы суларда жұмыс істейтін кемелер үшін бастапқы даярлау бойынша курсынан өтеді.

Полярлы суларда жұмыс істейтін кемелерде қызмет үшін бастапқы даярлаудан өту туралы куәлігінің иелері әр 5 жыл сайын өз куәліктерінің мерзімін ұзартады. Ол үшін олар ТДВА кодексі А-V/4 бөлімінің 1-тармағына сәйкес полярлы суларда жұмыс істейтін кемелерде қызмет өту үшін бастапқы даярлау бойынша біліктілікті арттыру курсынан өтеді.

Ескерту. 61-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62. Полярлы суларда жүзетін кеме капитанында және капитанның аға көмекшісінде ТДВА V/4 ережесінің 4-тармағына сәйкес полярлы суларда жұмыс істейтін кемелерде қызмет өту үшін кеңейтілген даярлау бойынша куәлігі болады және ТДВА кодексі А-V/4 бөлімінің 2-тармағына сәйкес полярлы суларда жүзетін кемелер үшін кеңейтілген даярлау курсынан өтеді және полярлы суларда 2 айдан кем емес жүзу өтілі, сондай-ақ полярлы суларда жүзетін кемелер үшін бастапқы даярлау бойынша куәлігі болады.

Полярлы суларда жүзетін кемелер үшін кеңейтілген даярлау бойынша куәліктің иесі жарамдылық мерзімін әр 5 жыл сайын ұзартады. Ол үшін ол ТДВА кодексі А-V/4 бөлімінің 2-тармағына сәйкес полярлы суларда жұмыс істейтін кемелерде жұмыс істеу үшін кеңейтілген даярлау бойынша біліктілікті арттыру курсынан өтеді.

63. Кемелердің ластану қауіпсіздігі және болдырмау үшін жауапты теңізшіде, сондай-ақ жолаушылар кемесінің барлық қызметшілерінде ТДВА VI/1 ережесіне сәйкес "Барлық теңізшілер үшін қауіпсіздік мәселелері бойынша бастапқы даярлау және нұсқаулық" бағдарламасы бойынша теңіз көлігі маманын даярлау куәлігі және ТДВА кодексі А-VI/1 бөлімінің 2-тармағына сәйкес бастапқы даярлау курсынан өту растамасы болуы тиіс.

64. СОЛАС конвенциясының III-тарауының 10-ережесіне сәйкес құтқарушы кеме үшін жауапты теңізшіде ТДВА VI/2 ережесінің 1-тармағына және ТДВА кодексі А-VI/2 бөлімінің 1-4-тармақтарына сәйкес "Шапшаң кезекші қайықшалар болып табылмайтын, құтқару қайықшалары мен салдар және кезекші қайықшалар бойынша маман" бағдарламасы бойынша теңіз көлігі маманын даярлау куәлігі, сондай-ақ 6 айдан кем емес жүзу өтілі болады.

65. Шапшаң құтқарушы катерлерді пайдалану үшін жауапты теңізшіде ТДВА VI/2 ережесінің 2-тармағына және ТДВА кодексі А-VI/2 бөлімінің 7-10-тармақтарына сәйкес "Шапшаң кезекші қайықшалар бойынша маман" бағдарламасы бойынша теңіз көлігі маманын даярлау куәлігі, сондай-ақ "Шапшаң кезекші қайықшалар болып табылмайтын, құтқару қайықшалары мен салдар және кезекші қайықшалар бойынша маман" бағдарламасы бойынша теңіз көлігі маманын даярлау куәлігі болады.

66. Кеменің өртке қарсы қауіпсіздігі үшін жауапты теңізшіде ТДВА VI/3 ережесінің және ТДВА кодексі А-VI/2 бөлімінің 1-4-тармақтарына сәйкес "Кеңейтілген бағдарлама бойынша өртпен күрес" бағдарламасы бойынша теңіз көлігі маманын даярлау куәлігі болады.

67. Теңіз кемесінде жұмыс істейтін немесе жұмыс істейтін, жолаушылар болып табылмайтын барлық адамдар кемеді жұмыс басталар алдында ТДВА VI/1 қағидаларының 1-тармағына сәйкес қауіпсіздік бойынша таныстыру курсынан өтеді. Бұл дайындық ТДВА Кодексінің А-VI/1 бөлімінің 1-тармағына сәйкес келеді. Капитан кеме бортында осы курстан өткен персонал туралы барлық жазбаларды сақтайды.

Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

68. Қағидалардың 63, 64, 65 және 66-тармақтарында көрсетілген куәліктердің иесі куәліктердің қолданылуын әрбір 5 жыл сайын ұзартады. Ол үшін ол курстардан А-VI/1 бөлімінің 2-тармағына, А-VI/2 бөлімінің 1 және 2-тармақтарына, ТДВА кодексі А-VI/3 бөлімінің 1 және 2-тармақтарына сәйкес өтеді.

Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

69. Кемені күзету үшін жауапты теңізшіде ТДВА VI/5 ережесіне және кодексінің А-VI/5 бөліміне сәйкес "Кеменің командалық құрамының кемені күзету үшін жауапты тұлғаларын даярлау" бағдарламасы бойынша теңіз көлігі маманын даярлау куәлігі, сондай-ақ 12 айдан кем емес жүзу өтілі болады.

Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.11.2019 № 819 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

70. Кемені күзету бойынша жоспарда көрсетілген күзет бойынша ерекше міндеттері жүктелген теңізшілерде, Қағидалардың 69-тармағында көрсетілген теңізшілерден басқа , ТДВА VI/6 ережесінің 4-6-тармақтарына сәйкес "Күзету мәселелері бойынша барлық теңізшілерге арналған даярлау немесе нұсқау" бағдарламасы бойынша теңіз көлігі маманын даярлау куәлігі және ТДВА кодексі А-VI/6 бөлімінің 6-8-тармақтарына сәйкес күзету бойынша белгіленген міндеттері бар теңізшілерді даярлау курсынан өту туралы растамасы болады.

71. Қағидалардың 69 және 70-тармақтарында көрсетілген теңізшілерден басқа теңізшілерде ТДВА VI/6 ережесінің 1-2-тармақтарына сәйкес "Күзету мәселелері бойынша барлық теңізшілерге арналған даярлау немесе нұсқау" бағдарламасы бойынша теңіз көлігі маманын даярлау куәлігі және ТДВА кодексі А-VI/6 бөлімінің 4-тармағына сәйкес күзет мәселелері жөнінде ақпараттандыру бойынша курсынан өту туралы растамасы болады.

72. Әр теңізші, кеме бортында өзінің міндеттеріне кірісу алдында ТДВА VI/6 ережесінің 1-тармағына, ТДВА кодексі А-VI/6 бөлімінің 1-3-тармақтарына сәйкес қорғау жөнінде таныстыру курсынан немесе нұсқаулығынан өтеді. Капитан осы курсты немесе нұсқаулықты өткен персонал туралы барлық жазбаларды кеме бортында сақтайды.

73. Кемеде алғашқы медициналық көмек көрсетуге белгіленген теңізшіде ТДВА VI/4 ережесінің 1-тармағына, ТДВА кодексі А-VI/4 бөлімінің 1-3 тармақтарына сәйкес "Кемеде алғашқы медициналық көмек көрсету" бағдарламасы бойынша теңіз көлігі маманын даярлау куәлігі болады.

74. Кемедегі медициналық қарауға жауапты теңізшіде ТДВА VI/4 ережесінің 2-тармағына және ТДВА кодексі А-VI/4 бөлімінің 4-6-тармақтарына сәйкес "Кемедегі медициналық қарау" бағдарламасы бойынша теңіз көлігі маманын даярлау куәлігі және "Кемеде алғашқы медициналық көмек көрсету" бағдарламасы бойынша теңіз көлігі маманын даярлау куәлігі болады.

Кеме экипажының ең аз құрамы туралы тиісті куәлігі болған жағдайда жалпы сыйымдылығы 500 тіркелім тоннадан кем жағалау жүзудегі кеме капитаны және басшы

құрамының тұлғалары жоғарыда көрсетілген куәліктердің болу қажеттілігінен босатылады.

2-параграф. Кәсіби диплом растамасын беру, ұзарту және алып қою

75. Кәсіби дипломды шетелдік кәсіби диплом тану түріндегі растаманы алу үшін кандидат немесе сенімхат бойынша оның өкілі Порттың теңіз әкімшілігіне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан түрінде Порттың теңіз әкімшілігінің басшысының атына өтініш;

2) 3 x 4 см сурет – 2 дана;

3) жеке басын куәландыратын құжат (немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат) (жеке басын анықтау үшін);

4) шетелдік кәсіби дипломның көшірмесі;

5) ҚБЖТЖ радиооператоры шетелдік кәсіби дипломының көшірмесі (палуба командасы құрамының адамдары үшін);

6) мұнай танкерлері, химия тасушылар немесе газ тасушылардағы жүк операциялары бойынша теңіз көлігі мамандарын даярлау куәлігінің көшірмесі (егер қолданылатын болса);

7) шетелдік кәсіби дипломды беруді куәландыратын растаманың көшірмесі (егер аталған растама жеке құжатпен берілсе);

8) ТДВА талаптарына сәйкес берілген медициналық куәліктің көшірмесі.

Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

76. Кәсіби дипломның растамасын беруге өтінішті алғаннан кейін 1 жұмыс күні ішінде Теңіз портының әкімшілігі осы өтінішті қабылдауды растау туралы хатты өтініш берушіге береді.

Ұсынылған құжаттардың толық еместігі анықталған жағдайда, Теңіз портының әкімшілігі өтініш берушіге өтінішті қараудан оны алғаннан кейін 1 жұмыс күні ішінде жазбаша түрде бас тартады.

Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 26.10.2018 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

77. Шет тіліндегі құжаттардың көшірмелері Порттың теңіз әкімшілігіне мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасымен ұсынылады.

Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

78. Кәсіби дипломның растамасын беруге өтінішті қабылдағаннан кейін Теңіз портының әкімшілігі 5 жұмыс күні ішінде осы дипломды берген шетел мемлекетінің құзыретті органына дипломның төлнұсқасын растау туралы сауал жолдайды.

79. Теңіз портының әкімшілігі өтінішті қарау кезінде шетелдік кәсіби дипломының иесі, бұл ретте қолданыстағы шетелдік кәсіби дипломына және Теңіз портының әкімшілігі өтінішті қабылдауды растау туралы хатқа ие бола отырып Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының астында жүзетін кемеде мерзімі 3 айдан артық емес жұмыс істейді.

80. ТДВА I/10 қағидасына сәйкес Порттың теңіз әкімшілігі кандидатқа шетелдік кәсіби дипломның тануын куәландыратын растаманы мынадай жағдайларда береді:

1) шетелдік кәсіби дипломда көрсетілген функцияларға қатысты Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы заңнаманы білуге тексерістің оң нәтижесі. Аталған тексерісті әңгімелесу барысында Комиссия жүргізеді;

2) егер шетелдік кәсіби дипломды ТДВА күшіне енгізген мемлекет беретін болса.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 26.10.2018 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

81. Уәкілетті орган егер кәсіби дипломдарды өзара тану жөніндегі халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, дипломды берген тарапты бағалайды, ол даярлау орталықтарын және рәсімдерді ТДВА құзыреттілік стандарттары, даярлау және диплом беруге қатысты талаптарын, сондай-ақ сапа стандарттарының сақтау тексерісін қамтиды.

Теңізшілерді даярлау және диплом беру жүйесінде қандай да бір елеулі өзгерістер болған жағдайда уәкілетті орган бұл туралы барлық мүдделі тараптарға хабарлайды.

Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.11.2019 № 819 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

82. Шет мемлекеттің құзыретті органынан кәсіби дипломның түпнұсқалығын растауды алғаннан кейін 1 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Порттың теңіз әкімшілігі өтініш берушіге комиссияның әңгімелесу өткізу орны, күні мен уақыты туралы хабарлайды.

Әңгімелесу шет мемлекеттің құзыретті органынан кәсіби дипломның түпнұсқалығын растауды алғаннан кейін 5 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өткізіледі.

Шет мемлекеттің құзыретті органынан кәсіби дипломның түпнұсқалығын растауды алған сәтте өтініш берушінің әңгімелесуден өтуі мүмкін болмаған жағдайда, әңгімелесу өтініш берушіден әңгімелесуден өтуге дайын екендігі туралы хабарламаны алғаннан кейін 5 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өткізіледі.

Өтініш беруші шет мемлекеттің құзыретті органынан кәсіптік дипломның төлнұсқалығын растауды алған сәтте тұрақты тұратын жерінде (шетелдік азаматтар, басқа қаладан келгендер) болған жағдайда әңгімелесу ақпараттық технологияларды қолдана отырып, қашықтықтан 5 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өткізіледі.

Кәсіби дипломның растамасын беру комиссияның оң шешімінен кейін жүзеге асырылады.

Комиссия теріс шешім шығарған жағдайда, кандидат шектеусіз рет, бірақ Комиссияның келесі отырысынан бұрын емес, қайта әңгімелесуге жіберіледі.

Кандидат әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен кәсіби дипломды беруден бас тартуға шағым жасауға құқылы.

Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

83. Кәсіби диплом растамасын беруден бас тартуға негіздер мыналар болып табылады:

- 1) қажетті құжаттардың толық емес топтамасын ұсыну;
- 2) ұсынылған құжаттардың және (немесе) оларда көрсетілген деректердің (мәліметтердің) шын еместігін анықтау;
- 3) осы Қағидалар 80-тармағының талаптарына сәйкес болмау.

Ескерту. 83-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 26.10.2018 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

84. Кандидат осы Қағидалардың талаптарына сай болуы кезінде Қағидалардың 82-тармағында көрсетілген мерзімдерде кәсіби дипломдар, кәсіби дипломдар растамалары, жеңілдік рұқсаттары тізіліміне кәсіби диплом растамасын беру туралы ақпарат енгізіледі және кәсіби дипломның растамасы беріледі.

Қағидалардың 83-тармағында көзделген негіздер болған жағдайда, құжаттарды ұсынған өтініш берушіге жазбаша дәлелді бас тарту жолданады.

ТДВА I/10 қағидаларының талаптарына сәйкес басқа шет мемлекет берген шетелдік кәсіби дипломды тану кейіннен Порттың теңіз әкімшілігінің шетелдік кәсіби дипломды растауын беруі үшін негіз болып табылмайды.

Ескерту. 84-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 17.10.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

85. Кәсіби дипломды жоғалтқан, бұзылуы кезінде Теңіз портының әкімшілігі өтінішті қабылдағаннан кейін екінші жұмыс күні өтініш берушіге тиісті құжаттың телнұсқасын береді.

86. Кәсіби дипломның растамасы осы Қағидалардың 20-1-тармағында көрсетілген тәртіппен кәсіби дипломды ұзартудың ұқсас мерзіміне ұзартылады.

Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 26.10.2018 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

87. Кәсіби дипломның растамасын Теңіз портының әкімшілігі:

1) медицина қызметкері куәландырған кәсіби диплом иесінің денсаулығы нашарлауы салдарынан дене мүмкіндігінің жарамсыздығы туралы мәліметтер көрсетілген кезінде;

2) шет мемлекетінің құзыретті органынан шетелдік кәсіби дипломын алып қою туралы ақпаратты алған кезде;

3) кәсіби диплом иесінің кінәсі бойынша авариялық жағдай туындағанда (мұндай шешім авариялық жағдайды тергеп-тексеру жөніндегі қорытынды негізінде қабылданады);

4) кәсіби диплом алуға өтініш беру кезінде анық емес ақпарат және/немесе жасанды ұсынылған (мұндай шешім осы жағдайды тергеп-тексеру жөніндегі қорытынды негізінде қабылданады) кезде алып қояды.

88. Қағидалар 87-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда Теңіз порты әкімшілігінің шешімімен құрылған комиссия тергеуді жүргізеді.

89. Теңіз портының әкімшілігі кәсіби дипломның растамасын алып қою туралы шешім қабылдағаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде шетелдік кәсіби дипломды берген уәкілетті органның мекенжайына тиісті хабарламаны жолдайды, сондай-ақ кәсіби дипломдар, кәсіби дипломдар растамалары, жеңілдік рұқсаттары тізіліміне көрсетілген құжаттардың алып қойылғандығы туралы белгілерді енгізеді.

Ескерту. 89-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 26.10.2018 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

90. Кәсіби дипломның растамасы Теңіз портының әкімшілігіне кәсіби дипломның растамасын алып қою туралы хабарламаны алғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде тапсырылуға жатады.

90-1. ТДВА I/2 қағидаларының 6-тармағының талабына сәйкес ТДВА VI бабымен талап етілетін растама капитанның немесе командалық құрам тұлғасының Порттың теңіз әкімшілігі беретін кәсіби дипломының мәтініне енгізіледі.

Ескерту. 2-параграф 90-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 26.10.2018 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Жеңілдік рұқсатын беру

91. Қауіпсіздік шаралары сақталған және Радиобайланыс регламентіне қайшылықтар болмаған жағдайда жеңілдікпен рұқсат беру кеме экипажының оның

құрамына ең аз талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, бұл ретте жағдайлар кеменің порттан шығуын кейінге қалдыруға мүмкін болмағанда, беріледі.

92. Жеңілдік рұқсаты кәсіби дипломда көрсетілген лауазымнан екі немесе одан жоғары ұстанымдарға берілмейді.

Жеңілдік рұқсаты кәсіби диплом алып қойылған кезде қолданыстан шығады.

93. Егер кандидат қатардағы құрам тұлғасы болса, оның талап етілетін лауазым бойынша техникалық және кәсіби немесе жоғарғы білім туралы оқу дипломы, сондай-ақ қажетті жұмыс тәжірибесі болса және талап етілетін біліктілікке сәйкес келуі үшін өзінің мүмкіндіктерін көрсетсе, оған командалық құрам тұлғасының лауазымына 2 айдан аспайтын мерзімге жеңілдікпен рұқсат беріледі.

Қатардағы құрам тұлғасының талап етілетін біліктілікке сәйкестігі Комиссияның шешімімен айқындалады.

Ескерту. 93-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 26.10.2018 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

94. Теңіз портының әкімшілігі осы жүзуге қатысты жеңілдік рұқсатына шек қояды.

95. Тек капитан немесе аға механик кенеттен еңбек қабілетінен айырылған жағдайда ғана Теңіз портының әкімшілігі тиісті жеңілдік рұқсатын капитанның аға көмекшісіне немесе екінші механикке береді. Жеңілдік рұқсаты кеменің қауіпсіз орынға жетуіне дейінгі мерзімге беріледі.

96. Жеңілдік рұқсатын сұратып отырған кеме қатынасы компаниясы Теңіз порты әкімшілігінің басшысына Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш, кеме экипажы мүшелерінің тізімін, сондай-ақ келесі құжаттардың көшірмелерін ұсынады:

- 1) Қазақстан Республикасы теңізшісі жеке куәлігінің немесе теңізші паспортының көшірмесі (бар болған жағдайда);
- 2) теңізшінің жеке басын куәландыратын құжат;
- 3) теңізшінің кәсіби дипломы;
- 4) кәсіби дипломды беруді куәландыратын растаманың көшірмесі (егер аталған растама жеке құжатпен берілсе);
- 5) медициналық қорытынды.

97. Кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлікте капитанның тек бір ғана көмекшісі қамтылған жағдайда жеңілдік рұқсаты капитанның лауазымына берілмейді.

98. Жеңілдік рұқсатын беру туралы өтінішті қарау мерзімі – өтінішті тіркеген сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде.

99. Теңіз портының әкімшілігі әр айдың алғашқы 5 жұмыс күні мерзімінде уәкілетті органға өткен айда берілген жеңілдік рұқсаттары туралы ақпаратты жолдайды.

Уәкілетті орган жыл сайын 15 ақпанға дейін Халықаралық теңіз ұйымына өткен жыл бойынша берілген жеңілдік рұқсаттары туралы ақпаратты жолдайды.

100. Теңіз портының әкімшілігіне ұсынылатын құжаттардың көшірмелері нотариалды расталады. Бұл ретте шетел тіліндегі құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілідеріндегі аудармасымен нотариалды расталып ұсынылады.

101. Жеңілдікпен рұқсат жоғалған, бүлінген жағдайда Теңіз портының әкімшілігі өтініш қабылдағаннан кейін екінші жұмыс күні өтініш берушіге тиісті құжаттың телнұсқасын береді. Телнұсқа жаңа нөмірмен және түпнұсқаның қолдану мерзімін аяқталу күнімен беріледі.

102. Жеңілдік рұқсатын беруден бас тартуға негіздер мыналар болып табылады:

1) қажетті құжаттардың толық емес топтамасын ұсыну;

2) ұсынылған құжаттардың және (немесе) оларда көрсетілген деректердің (мәліметтердің) шын еместігін анықтау.

103. Теңізші осы Қағидалардың талаптарына сай болуы кезінде Қағидалардың 98-тармағында көрсетілген мерзімдерде кәсіби дипломдар, кәсіби дипломдар растамалары, жеңілдік рұқсаттарының тізіліміне жеңілдік рұқсатын беру туралы ақпарат енгізіледі және жеңілдік рұқсаты беріледі.

Қағидалардың 102-тармағында көзделген негіздер болған жағдайда, құжаттарды ұсынған өтініш берушіге жазбаша дәлелді бас тарту жолданады.

Ескерту. 103-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 26.10.2018 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Теңізшілерге диплом беру
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Кәсіби дипломды беруге арналған өтініш

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.06.2023 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Кәсіби дипломды беруге арналған өтініш (керектісін белгілеу):

<input type="checkbox"/>	жалпы сыйымдылығы 500 немесе одан артық тіркелім тонна кеме капитанының вахталық көмекшісі	ТДВА II/1 ережесі
<input type="checkbox"/>	жалпы сыйымдылығы 500-ден 3000 тіркелім тоннаға дейін кеме капитанының аға көмекшісі	ТДВА II/2 ережесі
<input type="checkbox"/>	жалпы сыйымдылығы 3000 немесе одан артық тіркелім тонна кеме капитанының аға көмекшісі	ТДВА II/2 ережесі

<input type="checkbox"/>	жалпы сыйымдылығы 500-ден 3000 тіркелім тоннаға дейін кемеңің капитаны	ТДВА II/2 ережесі
<input type="checkbox"/>	жалпы сыйымдылығы 3000 немесе одан артық тіркелім тонна кемеңің капитаны	ТДВА II/2 ережесі
<input type="checkbox"/>	жалпы сыйымдылығы 500 тіркелім тоннадан кем жағалау жүзудегі кеме капитанының вахталық көмекшісі	ТДВА II/3 ережесі
<input type="checkbox"/>	жалпы сыйымдылығы 500 тіркелім тоннадан кем жағалау жүзудегі кеме капитаны	ТДВА II/3 ережесі
<input type="checkbox"/>	бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 немесе одан артық кВт құрайтын кемеңің вахталық механигі	ТДВА III/1 ережесі
<input type="checkbox"/>	бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750-3000 кВт құрайтын кемеңің екінші механигі	ТДВА III/3 ережесі
<input type="checkbox"/>	бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 3000 немесе одан артық кВт құрайтын кемеңің екінші механигі	ТДВА III/2 ережесі
<input type="checkbox"/>	бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750-3000 кВт құрайтын кемеңің аға механигі	ТДВА III/3 ережесі
<input type="checkbox"/>	бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 3000 немесе одан артық кВт құрайтын кемеңің аға механигі	ТДВА III/2 ережесі
<input type="checkbox"/>	бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 немесе одан артық кВт құрайтын кемеңің электромеханигі	ТДВА III/6 ережесі
<input type="checkbox"/>	ҚБЖТЖ радиооператоры	ТДВА IV/2 ережесі
<input type="checkbox"/>	ҚБЖТЖ жүзуі шектелген ауданның радиооператоры	ТДВА IV/2 ережесі
<input type="checkbox"/>	жалпы сыйымдылығы 500 немесе одан артық тіркелім тонна кемедегі навигациялық вахта құрамындағы матрос	ТДВА II/4 ережесі
<input type="checkbox"/>	жалпы сыйымдылығы 500 немесе одан артық тіркелім тонна кемедегі бірінші санаттағы матрос	ТДВА II/5 ережесі
<input type="checkbox"/>	бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 немесе одан артық кВт құрайтын кемедегі машиналық вахта құрамындағы моторист	ТДВА III/4 ережесі

<input type="checkbox"/>	бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 немесе одан артық кВт құрайтын кемедегі бірінші санаттағы моторист	ТДВА III/5 ережесі
<input type="checkbox"/>	бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 немесе одан артық кВт құрайтын кемеңің электригі	ТДВА III/7 ережесі

1-1. Кәсіби дипломды растауға арналған өтініш:

<input type="checkbox"/>	Мұнай танкерлері, химия тасушылары немесе газ тасушыларындағы жүк операциялары үшін теңіз көлігі мамандарын даярлау куәліктері (капитандар және басшы құрамының тұлғалары)	ТДВА V/1 ережесі
--------------------------	---	------------------

2. Өтініш берушінің деректері:

Тегі			
Аты			
Туған күні			
Туған жері			
Азаматтығы			
Үй мекенжайы			
Ұйым			
E-mail			
Телефон			
Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі		Беру органы және күні	
Теңізші кітапшасының нөмірі		Беру органы және күні	
ҚР теңізші жеке куәлігінің немесе теңізші паспортының нөмірі		Беру органы және күні	

Теңізшілерге диплом беру
қағидаларына 2-қосымша
Нысан

Кәсіби диплом растамасын беруге арналған өтініш

1. Шетелдік кәсіби дипломның танылуын куәландыратын растаманы беруге арналған өтініш (керектісін белгілеу):

<input type="checkbox"/>	жалпы сыйымдылығы 500 немесе одан артық тіркелім тонна кеме капитанының вахталық көмекшісі	ТДВА II/1 ережесі

<input type="checkbox"/>	жалпы сыйымдылығы 500-ден 3000 тіркелім тоннаға дейін кеме капитанының аға көмекшісі	ТДВА II/2 ережесі
<input type="checkbox"/>	жалпы сыйымдылығы 3000 немесе одан артық тіркелім тонна кеме капитанының аға көмекшісі	ТДВА II/2 ережесі
<input type="checkbox"/>	жалпы сыйымдылығы 500-ден 3000 тіркелім тоннаға дейін кемеменің капитаны	ТДВА II/2 ережесі
<input type="checkbox"/>	жалпы сыйымдылығы 3000 немесе одан артық тіркелім тонна кемеменің капитаны	ТДВА II/2 ережесі
<input type="checkbox"/>	жалпы сыйымдылығы 500 тіркелім тоннадан кем жағалау жүзудегі кеме капитанының вахталық көмекшісі	ТДВА II/3 ережесі
<input type="checkbox"/>	жалпы сыйымдылығы 500 тіркелім тоннадан кем жағалау жүзудегі кеме капитаны	ТДВА II/3 ережесі
<input type="checkbox"/>	бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 немесе одан артық кВт құрайтын кемеменің вахталық механигі	ТДВА III/1 ережесі
<input type="checkbox"/>	бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750-3000 кВт құрайтын кемеменің екінші механигі	ТДВА III/3 ережесі
<input type="checkbox"/>	бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 3000 немесе одан артық кВт құрайтын кемеменің екінші механигі	ТДВА III/2 ережесі
<input type="checkbox"/>	бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750-3000 кВт құрайтын кемеменің аға механигі	ТДВА III/3 ережесі
<input type="checkbox"/>	бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 3000 немесе одан артық кВт құрайтын кемеменің аға механигі	ТДВА III/2 ережесі
<input type="checkbox"/>	бас қозғалтқыш қондырғысының қуаты 750 немесе одан артық кВт құрайтын кемеменің электромеханигі	ТДВА III/6 ережесі
<input type="checkbox"/>	ҚБЖТЖ радиооператоры	ТДВА IV/2 ережесі
<input type="checkbox"/>	ҚБЖТЖ жүзуі шектелген ауданның радиооператоры	ТДВА IV/2 ережесі

1-1. Кәсіби дипломды растауға арналған өтініш:

<input type="checkbox"/>	Мұнай танкерлері, химия тасушылары немесе газ тасушыларындағы жүк операциялары үшін теңіз көлігі	ТДВА V/1 ережесі
--------------------------	--	------------------

мамандарын даярлау куәліктері (капитандар және басшы құрамының тұлғалары)

3. Өтініш берушінің мәліметтері:

Тегі	
Аты	
Туған күні	
Туған жері	
Азаматтығы	
Үй мекенжайы	
Ұйым	
E-mail	
Телефон	
Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі	Беру органы және күні
Теңізші кітапшасының нөмірі	Беру органы және күні
ҚР теңізші жеке куәлігінің немесе теңізші паспортының нөмірі	Беру органы және күні

4. Жүзу өтілі туралы мәліметтер

Кемең атауы	Кемең туы	ИМО нөмірі	Лауазым	Тіркелім тонналар немесе кВт саны	Жүзу мерзімі

Теңізшілерге диплом беру қағидаларына 3-қосымша
Нысан

Жеңілдік рұқсатын беруге арналған өтініш

1. Кеме және кеме қатынасы компаниясы туралы мәліметтер:

Кеме қатынасы компаниясының атауы	
Кемең атауы	
Кемең ИМО нөмірі	
Кемең жалпы сыйымдылығы	
Қозғалтқыш қондырғысының қуаты (кВт)	
Кемең түрі	
Шығу порты	
Келу порты	
Жүктің түрі	

2. Кеме қатынасы компаниясының бұрынғы өтініштері және берілген жеңілдік рұқсаттары:

Өтініштің № және күні	Кеменің атауы	Лауазымы	Мерзімі	Жеңілдік рұқсатының №

3. Теңізшінің деректері:

Тегі			
Аты			
Туған күні			
Туған жері			
Азаматтығы			
Үй мекенжайы			
Ұйым			
E-mail			
Телефон			
Жеке куәлігінің нөмірі		Беру органы және күні	
Теңізші кітапшасының нөмірі		Беру органы және күні	
ҚР теңізші жеке куәлігінің немесе теңізші паспортының нөмірі		Беру органы және күні	
Кәсіби диплом (№, беру күні)			
ҚБЖТЖ радиооператоры кәсіби дипломы (тек капитан көмекшісі үшін) (№, беру күні)			
Медициналық қорытынды (№, беру күні)			
Кемеде жұмысты бастау күні			
Кеме қатынасы компаниясынан мінездеме			

4. Теңізшінің жүзу өтілі туралы мәліметтер (соңғы 2 жылдың ішінде)

Кеменің атауы	Кеменің туы	ИМО нөмірі	Лауазымы	Тіркелім тонналар немесе кВт саны	Жүзу мерзімі

5. Жеңілдік рұқсаты:

Мына лауазымға:	
Сұрау салынатын кезең:	
Өтінішті беру себебі:	

Теңізшіні дайындау үшін қабылданған шаралар және кемеде жұмысты бастау күні:	
Өзге де ақпарат:	

Уәкілетті тұлғаның лауазымы және тегі

Уәкілетті тұлғаның қолы

Күні

Мөр орны

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК